**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ**
**«Журналистика және әлеуметтік ғылымдар» факультеті**
**«Психология кафедрасы»**

**Ақпараттық жүйелер (6B06103),Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері (6B06306),Жасанды интеллект технологиялары (6B06112)**
**білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін**
**Psi 1113 Психология пәні бойынша**
**Psi 2113-353-Р-Психология**

# Оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus)

**Астана**
**2025**

Бұл құжат 2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» ҚРЗ 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдей

Құжатқа қол қойғандар

| № | Аты-жөні | Қызметі |
|---|---|---|
| 1 | Мандыкаева Алмагуль Рамазановна | Доцент (міндетін атқарушы) |
| 2 | Мамбеталина Алия Сактагановна | Кафедра меңгерушісі |
| 3 | Пернебекова Айжан Пернебековна | аға оқытушы |
| 4 | Оразалиев Бахытжан Асетилдаевич | Директор |
| 5 | Куантаев Нуржан Куантайулы | Факультет деканы |

Әзірлеуші:
Мандыкаева Алмагуль Рамазановна, Доцент (міндетін атқарушы)

(Psi 1113) Психология пәні бойынша оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus)
Психология пәнінің типтік оқу жұмыс жоспары бойынша құрастырылған

Психология кафедра отырысында қарастырылды, хаттама № 4 «19» _12_2024ж.

Факультеттің оқу-әдістемелік комиссиясының отырысында мақұлданды хаттама № 4 «20» __12__2024 ж.

# ТҮСІНІКТЕМЕ ХАТ

## 1. Пәннің қысқаша сипаттамасы

Жалпы білім беретін «Психология» пәні студенттердің заманауи психологиялық ғылым мәселелерін меңгеруге, әлеуметтік және мәдени кеңістікте тиімді бейімделу мен бағдарлану кезіндегі ұлттық сана мен құндылықтық бағдарлардың психологиялық негіздерін қалыптастыруға бағытталған.

| Пәннің мақсаты | Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері (ОН) * | Пән бойынша күтілетін оқу нәтижелері (ОН) |
|---|---|---|
| студенттердің бойында, олардың кәсіби іс-әрекетіне қажетті тұлғааралық қарым-қатынастың психологиялық теория мен тәжірбиесі аймағында әлеуметтік-тұлғалық және инструменталды құзыреттілікті қалыптастыру. | жаңартылған бағдарламаны түсіну, терминологияны білу, алынған білімді қолдана алу. | адам туралы ғылымдар жүйесіндегі психологиялық білімнің рөлі мен орнын түсіну;<br>ұлттық сананы қалыптастыру және жаңғырту тұрғысынан тұлға, тұлғааралық және топтық қарым-қатынас түсініктерін сипаттау; тұлғаның құндылық-мағыналық құрылымын талдау және сананы жаңғырту аясындағы өзін-өзі анықтау мен тұлғалық өсу мақсаттарының негізгі басымдықтарын айқындау;<br>психологиялық білімді кәсіби жолды құруға және мансаптық жоспарлауға қолдану. |

## 2. Пререквизиттер

Бұл пәнді меңгеру үшін философия пәні оқу барысында алған білім, білік және дағды қажет.

**Постреквизиттер**

Аталған пәнді меңгеру барысында игерілген білім мен дағдылар кәсіби пәндік білімдерді меңгеруге қажет болып табылады

## 3. Оқу жоспарынан көшірме

Курс 3
Семестр 2
Кредит саны ECTS 2

| Сабақ түрлері | Жалпы сағат саны |
|---|---|
| Дәрістер | 8 |
| Тәжірибелік сабақтар | 15 |
| Семинарлық сабақтар | |
| Зертханалық сабақтар | |
| Білім алушылардың өзіндік жұмысы (БӨЖ) | 60 |
| Барлығы | 83 |

## 4. Модульдер бойынша пәннің тақырыптық жоспары

(академиялық сағатта)

| № модуля | Модульдің атауы |
|---|---|
| 1 | ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ КОНТЕКСТІНДЕГІ ТҰЛҒА |
| 2 | ТҰЛҒААРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЙЛЕСІМДІ ТҰЛҒАНЫҢ ДАМУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ |

| Дәріс сабақтары | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **№ апталар** | **№ модульдер** | **Дәріс сабақтарының тақырыптары** | **Сағаттар саны** | **Оқытудың түрлері мен әдістері** |
| 1 | 1 | 1.1 Психологияға кіріспе Психология ғылым ретінде. Адам туралы ғылымдар жүйесіндегі психологияның орны және міндеттері. Заманауи тұлғаның қалыптасуы мен қоғамдық сананы жаңғырту жағдайындағы психология мен психологиялық білімдердің мәні. Психологияның әдістері мен әдістемелері. Психология тиімді өмір сүру факторы ретінде (бизнес, спорт, денсаулық сақтау, жарнама психологиясы және т.б.). | 1 | Дәріс-презентация. |
| 2 | 1 | 1.2. Тұлға және мотивация Тұлға. Индивид. Даралық. Тұлғаның қалыптасуы мен дамуы. Тұлғаның мотивациялық сферасы. Мотивация және өзіндік мотивация. Мотивациялық сфераны жалпы ұйымдастыру. Мотивтер және қажеттіліктер. Мотив түрлері. Жетекші мотив. Жетістікке жету және сәтсіздіктен қашу мотивациясы. Мотивацияны зерттеу әдістері. Мотивациялық лайықтылық. Мотивациялық сфераның бұзылуы және еңбек тиімділігінің төмендеуі. | 1 | Дәріс-презентация. |
| 3 | 1 | 1.3. Эмоция және адамның еріктік қасиеті | 1 | Дәріс- |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Адам өміріндегі эмоцияның рөлі. Эмоцияны түсіну және эмпатияға қабілеттілік. Эмоцияны реттеудің әдістері мен механизмдері: эмоцияларды қайта қарастыру және эмоцияларды басу. Эмоциялық интеллект анықтамасы. Эмоциялық интеллект когнитивті қабілет пен тұлғаның даралық сипаты ретінде. Эмоциялық интеллект диагностикасы және дамуы. Психологиядағы ерік түсінігі. Ерікті актінің құрылымы. Шешім қабылдау және таңдау мәселесі.. Ерік және тұлға. Тұлғаның өзін-өзі реттеу психологиясы (стресс-менеджмент). Стресс түсінігі. Стресс түрлері. Стресстің даму кезеңдері. Стресстің белгілері. Стресске жауап берудің жеке стилдері. Стресске тұрақтылық түсінігі. | | презентация. |
| 4 | 1 | 1.4 Тұлғаның даралық-типологиялық ерекшеліктері. Темперамент, мінез және қабілет. Темперамент анықтамасы. Жүйке жүйесінің қасиеттері темпераменттің негізі ретінде. Темпераменттің анықтамасы. Темперамент типтері: холерик, сангвиник, флегматик, меланхолик. Темперамент пен мінездің ара қатынасы. Мінездің анықтамасы. Мінез акцентуациясы және тәрбие. «Ұлттық мінез» ұғымы. Тұлғаның қабілеті және нышандары. | 1 | Дәріс-презентация. |
| 5 | 1 | 1.5 Кәсіби өзін-өзі анықтау және тұлғаның денсаулық психологиясы. Кәсіби маманның сенімдері мен бағдарлары. Қазақстанның заманауи даму кезеңіндегі кәсіби тұлғаның құндылықтары мен бағдарлары: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, сананың ашықтығы, ұлттық бірегейлік. Кәсіби өзін-өзі анықтаудағы жеке құндылықтар мен мағыналар. Кәсіби өсудегі кедергілер, оларды болдырмау және жеңу жолдары. Кәсіби сәйкестілік дағдарысы және эмоциялық қажу синдромы. Психика мен дененің өзара байланысы және өзара ықпалы. Аурулардың пайда болуы мен денсаулықты нығайтудың психологиялық факторлары. Психикалық белсенді заттарды қолдану мен зиянды әдеттер денсаулықты әлсірететуші фактор ретінде. Денсаулыққа көңіл бөлу тұлғаның жетістікке жету негізі ретінде. | 1 | Дәріс-презентация. |
| 6 | 2 | Тұлғаның және топтардың қарым- қатынасы. Қарым-қатынас түсінігі. Қарым-қатынастың түрлері, формалары, қызметтері. Тұлғааралық қарым-қатынас ғылыми білімнің пәні ретінде. Тұлғааралық қарым-қатынас сипаттамалары. | 1 | Дәріс-презентация. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Тұлғааралық коммуникация, өзара әрекеттесу, тұлғааралық қабылдау түсініктері. Тұлғааралық, топаралық және ұлтаралық қарым-қатынас ерекшеліктері. Қарым-қатынас стильдері. Көшбасшылық және жетекшілік. Қарым-қатынастың перцептивті, коммуникативті және интерактивті жақтары. | | |
| 7 | 2 | 2.2.Тиімді тұлғааралық қарым-қатынас технологиялары қоғамдық сананы жаңғырту негізі ретінде<br>Әлеуметтік конфликтілердің табиғаты және шығу себептері. Психологиялық конфликтілердің түрлері. Конфликтінің конструктивті және деструктивті функциялары. Конфликтінің даму сатылары. Конфликтінің қатысушылары мен жүргізушілері, олардың қажеттіліктері, мүдделері мен мақсаттары. Конфликтінің кеңістік- уақыттық шекаралары. Конфликтінің типтік кезеңдері. Конфликтінің функциялары мен зардаптары. Конфликтіні болдырмау технологиясы. Конфликтідегі ұтымды мінез-құлық технологиялары. Конфликтілік мінез-құлықтар: ынтымақтастық, бәсекелестік, қашу, құтылу, кооперация стратегиялары. Конфликтілерді шешу көп сатылы процесс ретінде. Манипуляторлардың типтері. Негізгі манипуляциялық техникалар. Манипуляция процесіндегі тұлға. Манипуляция жасырын хабарлама ретінде. Келіссөздер - конфликтіні шешудің тәсілі ретінде | 1 | Дәріс-презентация. |
| 8 | 2 | 2.3. Тиімді коммуникацияның техникалары мен тәсілдері<br>Тиімді коммуникация ұғымы. Тиімді коммуникация технологиялары және қағидалары, ережелері, дағдылары, тәсілдері. Тиімді коммуникацияның шарттары. Әлеуметтік интеллект. Коммуникациядағы имидж және өзіндік ұсыну. Имиджбеудің технологиялары. Сыртқы келбет имидждің бір бөлігі ретінде. Белсенді тыңдау кехникалары. Келіссөз процесінің технологиясы. | 1 | Дәріс-презентация. |
| | | | 8 | |

| Тәжірибелік (семинарлық) сабақтар | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **№ апталар** | **№ модульдер** | **Тәжірибелік (семинарлық) сабақтардың тақырыптары** | **Сағаттар саны** | **Оқытудың түрлері мен әдістері** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 | Заманауи психологияның салалары | 1 | Талқылау, презентация. |
| 2 | 1 | Еңбек іс-әрекетінің мотивациясы | 1 | Талқылау, презентация. |
| 3 | 1 | Эмоцияның әр түрлі мәдениеттерде көрінуі мен сезілуі | 1 | Талқылау, презентация. |
| 4 | 1 | Тәуелсіз қоғамдағы тұлғаның «ерік бостандығы» тұжырымдамасы | 1 | Пікір-талас |
| 5 | 1 | Тұлғалық ресурстар ұлттық сананы сақтау мен дамытудың факторы ретінде | 1 | Пікір-талас |
| 6 | 1 | Тұлғаның дүниетанымы және ұлттық бірегейлігі. | 1 | Дөңгелек үстел |
| 7 | 1 | Тұлғалық және кәсіби жетістікке жету психологиясы. | 1 | Пікір-талас |
| 8 | 2 | Теріс эмоциялар және денсаулық. | 1 | Дөңгелек үстел |
| 9 | 2 | Ұлтаралық қарым-қатынас әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде. | 1 | Пікір-талас |
| 10 | 2 | Тұлғааралық қабылдау әсерлері. | 1 | Топтық жарыс |
| 11 | 2 | Тұлға және топ (әлеуметтік-психологиялық ықпал ету) | 1 | Пікір-талас |
| 12 | 2 | Г.Д. Лассуэллу бойынша заманауи қоғамдағы коммуникацияны талдау. | 1 | Кейс |
| 13 | 2 | Біздің өміріміздегі конфликтілер. | 1 | Дөңгелек үстел |
| 14 | 2 | Еңбек ұжымындағы конфликтіні реттеудің механизмдері және тәсілдері. | 1 | Жарыс сабақ |
| 15 | 2 | Тиімді коммуникация мен тұлғаның бәсекеге қабілеттілігінің өзара байланысы | 1 | Топтық жұмыс |
| | | **БАРЛЫҒЫ** | **15** | |

| **БӨЖ** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **№ апталар** | **№ модуль** | **БӨЖ тақырыптары. БӨЖ тапсыру мерзімдері** | **Сағаттар саны** | **Оқытудың түрлері мен әдістері** |
| 1 | 1 | 1-апта: Эссе «Психология менің өмірімде және кәсібімде». | 4 | Талқылау |
| 2 | 1 | 2-апта: Кейс: «Ұйым қызметкерлерінің мотивациясын жетілдіру» | 4 | Пікірталас |
| 3 | 1 | 3-апта: Эмоциялық интелектіні дамыту бағдарламасын құру. | 4 | Баяндама |
| 4 | 1 | 4-апта: Кейс «кәсіби маманның ерік қасиеттерінің дамуы» | 4 | Сұхбат |
| 5 | 1 | 5-апта: Қазіргі студенттің психологиялық портретін құру | 4 | Талдау |
| 6 | 1 | 6-апта: «Өмір жолы» жобасын даярлау | 4 | Талдау |
| 7 | 1 | 7-апта: Эссе «Менің мансаптық және кәсіби өсуім» | 4 | Талдау |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 | 2 | 8-апта: Кейс: «Кәсіби денсаулықты сақтау». | 4 | Талдау |
| 9 | 2 | 9-апта: Көшбасшылық пен жетекшілікке салыстырмалы талдау жасаңыздар. | 4 | Талдау |
| 10 | 2 | 10-апта: Эссе «Қарым қатынас процесінде қоршаған ортаны қабылдау» | 4 | Зерттеу жүргізу |
| 11 | 2 | 11-апта: «Әлеуметтік желілердің жастардағы тәуелді мінез-құлықты қалыптастыруға ықпал етуін талдау» презентациясын дайындау | 4 | Топтық пікірталас |
| 12 | 2 | 12-апта: «Қарым қатынастағы психологиялық кедергілер және оларды жеңу» кестесін құру | 4 | Топтық пікірталас |
| 13 | 2 | 13-апта: Толерантты мінез-құлықты дамыту бойынша психологиялық ұсыныстар әзірлеу | 4 | Бағдарламаны дайындау |
| 14 | 2 | 14-апта: Конфликтілік жағдайда басым көрінетін мінез-құлық типін анықтау бойынша өзін-өзі диагностикалау | 4 | Зерттеу жүргізу |
| 15 | 2 | 15-апта: «Тиімді коммуникация» тренинг бағдарламасын даярлау. | 4 | Талдау |
| | | | 60 | |

## 5. Пәннің қысқаша ұйымдастырушылық-әдістемелік сипаттамасы

*Оқу нәтижелерін бақылау түрлері*

***Аралық бақылау 1.*** коллоквиум

***Аралық бақылау 2*** *бақылау тапсырмалары*
***Қорытынды бақылау:****_Ауызша*

## Курсы саясаты мен тәртібі:

Құрметті студент !

Сіздің әр сабақтағы белсенділігіңіз, шыдамдылығыңыз, орнықтылығыңыз бен жауапкершілігіңіз осы курс бойынша білім меңгеруге ең негізгі шарт болады.

Кешігуге және сабақтан себепсіз кетіп қалуға рұқсат етілмейді.

Студент әр сабаққа дер кезінде дайындалуы тиіс. Себепті жағдайларда болмаса, әр сабақтың тапсырмалары өз уақытында ғана бағаланады.

Студент сабақ барысында белсенді түрде қатысып отыруы қажет.

Студент БӨЖ тапсырмаларын силлабуста белгіленген тақырыптар бойынша тағайындалған уақытта дайындап, өткізеді.

Сабаққа жауап пен бақылаудың қай түрінде болмасын, ұялы телефондардың, дыбыс және көрнекі ақпарат тасымалдайтын құралдардың (МП3, МП4, плэйер т.б.) көмегіне жүгінбеу талап етіледі және кез келген сырттан алынған көмек анықталғанда бақылау жұмысына **0** (нөл) балл қойылады.

Мүмкіндіктері шектеулі студенттер сабаққа қатысу кестесін икемді түрде келісуге құқылы (мысалы, қашықтан қатысу немесе дәрістердің жазбаларын алу).

## 6. Пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

| № | Авторы, атауы, баспасы, шыққан жылы | Ақпарат | Бары (дана) |
|---|---|---|---|

| п/п | | көзі. | Кітапханада | Әлемдік сандық кітапханалар | Кафедрада |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | | 5 |
| | Негізгі әдебиеттер | | | | |
| 1 | Абрамова, Г. С. Психология только для студентов : учебное пособие для вузов / Г. С. Абрамова. — 3-е изд. — Москва : ПЕР СЭ, Ай Пи Ар Медиа, 2024. — 272 с. — ISBN 5-9292-0016-5. — Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: https://www.iprbookshop.ru/140976.html | Учебное пособие | - | https://www.iprbookshop.ru/140976.html | - |
| 2 | Rolf Reber. Psychology: The Basics. Routledge; 2019. Accessed January 10, 2025. https://research.ebsco.com/linkprocessor/plink?id=af472bc1-d09f-348c-97ff-f853498bd66b | Учебное пособие | - | https://research.ebsco.com/linkprocessor/plink?id=af472bc1-d09f-348c-97ff-f853498bd66b | - |
| 3 | Овсянникова, Е. А. Основы психологии : учебное пособие / Е. А. Овсянникова, А. А. Серебрякова. - 3-е изд., стер. - Москва : ФЛИНТА, 2020. - 271с. - ISBN 978-5-9765-2219-0. - Текст : электронный. - URL: https://znanium.com/catalog/product/1143280 | учебное пособие | - | https://znanium.com/catalog/product/1143280 | - |
| 4 | Жарықбаев Қ. Жантану : оқулық : брайль нұсқасы 20 кітаптан тұрады. 1-20-кітап / Қ. Жарықбаев. - 10-бас., өңд., толықт. - Алматы : [б. и.], 2024. - Шрифт Брайля; Вых. дан. ориг.: Жантану / Қ.Б. Жарықбаев. Алматы : Эверо, 2010. - 696 б.; Кол-во стр. Брайля: 1048 б. - ISBN 9965-680-23-X | Оқулық | 20 | | |
| 5 | Айтышева А.М. **Психология** : оқу-әдістемелік құрал / А.М. Айтышева; Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. - Астана : Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. - 234, [1] б. : кесте. - Библиогр.: б. 231-234. - ISBN 978-601-7697-33-4. | оқу-әдістемелік құрал | 30 | | |
| 6 | Караванова, Л. Ж. Психология : учебное пособие / Л. Ж. Караванова. - 5-е изд., стер. - Москва : Дашков и К, 2023. - 264 с. - ISBN 978-5-394-05134-0. - Текст : электронный. - URL: https://znanium.com/catalog/product/2084158 | учебное пособие | - | https://znanium.com/catalog/product/2084158 | - |
| | Қосымша әдебиеттер | | | | |
| 7 | Стоюхина, Н. Ю. История психологии: семинары и практические занятия : учебно-методическое пособие / Н. Ю. Стоюхина. — Нижний Новгород : ННГУ им. Н. И. Лобачевского, 2024. — 65 с. — Текст : электронный // Лань : электронно-библиотечная система. — | учебно-методическое пособие | - | https://e.lanbook.com/book/431585 | - |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | URL: https://e.lanbook.com/book/431585 | | | | |
| 8 | **Психология** : жоғары оқу орындарының білім алушыларына арналған оқулық / Б.Ш. Байжуманова, Г.Қ. Айқынбаева, Ж.К. Аубакирова, М.М. Рыскулова; Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. - Алматы : ADAL KITAP, 2024. - 583, [1] б. : сур., кесте. - Библиогр. в конце гл. - ISBN 978-601-7681-99-9. | оқулық | 1 | | - |
| Электрондық және интернет ресурстары | | | | | |
| 12 | https://urait.ru/bcode/545137 | | | | |
| 13 | https://urait.ru/bcode/535398 | | | | |
| 14 | | | | | |

Негізгі әдебиеттер тізіміне негізгі оқулықтар мен құралдар (ереже бойынша, үш-төрт атау) кіреді, әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша - соңғы 5 жылдағы, басқа бағыттар бойынша – соңғы 10 жылдағы.

Қосымша әдебиеттер 10 атаудан артық болмауы керек.

Электрондық және интернет-ресурстарды көрсету кезінде сілтеме берілген ақпараттың қысқаша атауын көрсету, содан кейін белсенді сілтемені орналастыру қажет. Интернет-ресурстарға сілтемелер саны 10 аспауы керек.

## 7. Білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау жүйесі

*Білім алушылардың білімі, шеберлігі, дағдылары келесі жүйе бойынша бағаланады*

| Әріптік жүйе бойынша баға | Баллдардың сандық эквиваленті | Пайыздық көрсеткіші | Дәстүрлі жүйе бойынша баға | Бағалау критерийлері |
|---|---|---|---|---|
| **A** | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы | **A** бағасы студент «Психология» пәні бойынша бағдарламалық материалды терең және берік игерсе, оны толық, жүйелілікпен, сауатты және логикалық үйлесімді баяндаса, тапсырманың түрі өзгергенде жауап беруге қиналмаса, қойылған сұрақтарға еркін жауап берсе, монографиялық материалдарды білетіндігін көрсетсе, қабылданған шешімдерді дұрыс дәлелдей алса, практикалық жұмыстарды орындауда жан-жақты дағдылар мен әдістерді пайдалана білсе, материалды өз бетімен қатесіз тұжырымдай білетіндігін және баяндай алатындығын көрсетсе қойылады. |
| **A-** | 3,67 | 90-94 | | **A-** бағасы студент «Психология» пәні бойынша бағдарламалық материалды терең және берік игерсе, оны толық, жүйелілікпен, сауатты және логикалық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | үйлесімді баяндаса, тапсырманың түрі өзгергенде жауап беруге қиналмаса, қойылған сұрақтарға еркін жауап берсе, монографиялық материалдарды білетіндігін көрсетсе, қабылданған шешімдерді дұрыс дәлелдей алса, практикалық жұмыстарды орындауда жан-жақты дағдылар мен әдістерді пайдалана білсе, материалды өз бетімен қатесіз тұжырымдай білетіндігін және баяндай алатындығын көрсетсе қойылады. Студенттің өзімен дұрысталатын, негізгі түсініктерде байқалатын кемшіліктер рұқсат етіледі. |
| **B+** | 3,33 | 85-89 | Жақсы | **B+** бағасы студент «Психология» пәні бойынша бағдарламалық материалды берік білсе, оны сауатты және мәні бойынша әдеби тілде баяндаса, қойылған сұраққа берген жауабында елеулі дәлелсіздікке жол бермесе, теориялық ережелерді дұрыс қолдана білсе және практикалық мәселелерді шешетін қажетті дағдылары болса қойылады. Жауап беру кезінде оқытушының көмегімен кемшіліктерді дұрыстау рұқсат етіледі. |
| **B** | 3,0 | 80-84 | | **B** бағасы «Психология» пәні бойынша студент бағдарламалық материалды берік білсе, оны сауатты және мәні бойынша әдеби тілде баяндаса, қойылған сұраққа берген жауабында елеулі дәлелсіздікке жол бермесе, теориялық ережелерді дұрыс қолдана білсе және практикалық мәселелерді шешетін қажетті дағдылары болса қойылады. Жауап беру кезінде оқытушының көмегімен кемшіліктерді дұрыстау немесе елеусіз қателіктер рұқсат етіледі. |
| **B-** | 2,67 | 75-79 | | **B-** бағасы «Психология» пәні бойынша студент бағдарламалық материалды берік білсе, оны сауатты және мәні бойынша әдеби тілде баяндаса, қойылған сұраққа берген жауабында елеулі дәлелсіздікке жол бермесе, теориялық ережелерді дұрыс қолдана білсе және практикалық мәселелерді шешетін қажетті дағдылары болса қойылады. Бірақ, жауап беру кезінде |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | елеулі кемшіліктер мен қателіктер, оқытушының жетектеуші сұрақтарды қою кезінде студенттің кемшіліктерді дұрыстауы рұқсат етіледі. |
| **C+** | 2,33 | 70-74 | | **C+** бағасы «Психология» пәні бойынша студент толық жауап берсе, бірақ оны егжей-тегжейлі білмесе, дәлсіздіктерге, жеткіліксіз тұжырымдамаларға жол берсе, бағдарлама материалын баяндаудағы жүйелікті бұзса және практикалық тапсырмаларды орындауда қиыншылықтар көретін болса. Негізгі тұжырымдамаларды анықтау кезінде студент өзін-өзі дұрыстауда қиыншылық көретін болса 1–2 қаттелік рұқсат етіледі. |
| **C** | 2,0 | 65-69 | Қанағаттанарлық | **C** егер студент «Психология» пәні бойынша толық жауап бермесе, логикалық үйлесімділігі мен реттілігі бұзылса, оны егжей-тегжейлі білмесе, дәлсіздіктерге, жеткіліксіз тұжырымдамаларға жол берсе, бағдарлама материалын баяндаудағы жүйелікті бұзса және практикалық тапсырмаларды орындауда қиыншылықтар көретін болса қойылады. Студент жалпы білімін мысал ретінде оқытушының көмегімен айқындай алады. |
| **C-** | 1,67 | 60-64 | | **C-** бағасы «Психология» пәні бойынша студент толық жауап бермесе, логикалық үйлесімділігі мен реттілігі бұзылса, оны егжей-тегжейлі білмесе, дәлсіздіктерге, жеткіліксіз тұжырымдамаларға жол берсе, бағдарлама материалын баяндаудағы жүйелікті бұзса және практикалық тапсырмаларды орындауда қиыншылықтар көретін болса, ұғымдардың сипатын анықтауда өрескел қателіктер жасалатын болса қойылады. Жауап беру кезінде қорытындылар жасалмайды, Жалпыланған білімді нақты көріністерін анықтауға қабілеті көрсетілмейді. |
| **D+** | 1,33 | 55-59 | | **D+** бағасы «Психология» пәні бойынша студент толық жауап бермесе, мысал келтіруге қиналса, логикалық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | үйлемсімсіз жауап берілсе, терминдерге, ұғымдар мен фактілерге сипаттама, құбылыстарға анықтама беруде едәуір үлкен материалдық қателіктер жасалса, берілген жауаптарға қорытынды жасалмаса, жауап сауатсыз болса, қосымша сұрақтарға жауап беру кезінде, студент берілген жауаптың байланысы туралы тек оқытушының көмегімен ғана түсінсе қойылады. |
| **D** | 1,0 | 50-54 | | **D-** бағасы «Психология» пәні бойынша студент толық жауап бермесе, логикалық үйлемсімсіз жауап берілсе, терминдерге, ұғымдар мен фактілерге сипаттама, құбылыстарға анықтама беруде едәуір үлкен материалдық қателіктер жасалса, берілген жауаптарға қорытынды жасалмаса, жауап сауатсыз болса, мысалдар келтірілмесе, студент берілген жауап пен басқа модульдердің немесе басқа пәндердің объектілерімен байланысын көрмесе, оқытушының қосымша және нақтылаушы сұрақтарынан кейін жасалған қателіктер дұрысталмаса қойылады. |
| **FX** | 0,5 | 25-49 | Қанағаттанарлықсыз | **FX** ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау формаларымен қарастырылған жеке тапсырманы орындай алмаса, бағдарламамен қарастырылған негізгі әдебиеттермен жұмыс істемесе қойылады. **F** цифрлы эквиваленті ретінде 0-24 бағасы қолданылады, студент бағдарламалық материалдың едәуір бөлігін білмейтін болса, елеулі қателерге жол берсе, практикалық жұмыстарды үлкен қиындықпен орындайтын болса, моульдің жартысынан көп бөлігін игермесе, жауап беру кезінде карапайым сұрақтарға жауап бере алмаса қойылады |
| **F** | 0 | 0-24 | | Егер білім алушы «Психология» пәні бойынша бағдарламада көзделген негізгі материалды білудегі олқылықтарды тапса, модуль (пән) бағдарламасының жартысынан астамын меңгермесе, жауаптарда қағидаттық қателіктер жіберсе, ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау нысандарында көзделген жекелеген |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | тапсырмаларды орындамаса, бағдарламада көзделген барлық негізгі әдебиетті пысықтамаса, қойылады. |

*Мүгедектігі бар жандарды оқыту барысында диагнозына қарай білім беруде зағип жандарды, тірек-қимыл жүйесінің бұзылысы бар мүгедектерді оқытуда оларға тиімді болып табылатын әдістерді қолдану әр пән оқытушысының шеберлігіне қарай құрылады.*

*Мүгедектігі бар жандарды оқыту барысында төмендегі сілтемеде берілген заңдарға,ережелерге сүйену ұсынылады:*

*Инклюзивті оқыту Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі:*

О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам инклюзивного образования - ИПС "Әділет"

Закон Республики Казахстан от 26 июня 2021 года № 56-VII «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам инклюзивного образования»